

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп



Кітапхан жобасы
«Ертегілер елінде» атты аудандық
семинар іс – шарасы

Дайындаған: Сариева Г

2024-2025 оқу жылы

«Ертегілер елінде»

Мақсаты: оқушыларды халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ұлттық рухани біліммен қаруландыру.

Оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту, балалардың логикалық қабілетін, танымын дамыту. Зейінін, ақыл-ой бе-сенділігін арттыру, тез ойлауға машықтандыру.

Еліміздің болашақ ұрпағын біліммен сусындаған, тапқырлығымен тамсандыратын салауатты, саналы етіп тәрбиелеу, ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа, елжандыққа тәрбиелеу.

Кітапханашы: Құрметті қонақтар, оқушылар және оқырман қауым! Бүгінгі оқушылар арасындағы «Кітапхан» жобасы аясындағы «Ертегілер елінде» тақырыбындағы іс – шараға қош келдіңіздер!

Өткен күн таң тамаша ертегі ғой,

Айтады ертегі сыр, ертегі ой.

Ертегі айтса еліктіріп балалар,

Қиялға қызықтырып ертеді ғой.

Кел онда, ертегіні шертейік біз,

Қауымды мына келген ертегік біз.

«Ертегі еліне» бір саяхаттап,

Келгендерді сонымыздан ертегіек біз.

Ендеше, ертегілер елінің қакапасын ашайық! «Кітапхан» жобасына алып келген ертегілерді қорғауды бастайық!

Кітапхан жобасына қатысатын оқушылар:

Илес Мерей «Ақымақ қасқыр»

Каримова Айша «Гримм ертегілері»

Дүйсебай Сая «Күн астындағы Күнiкей қыз»

Рысхан Инжу «Қиял – ғажайып ертегілері»

Жаппархан Алина «Оттық»

Тоқсанбай Гүлзия «Шөл, су ертегілері»

Бізді қандай ертегілер күтіп тұр екен?

Жоба қатысушыларына сұрақтар:

- 1.Ертегідегі жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді ата
- 2.Басқа қандай ертегілер оқыдың?
3. Ертегілер қалай басталады?
4. ертегілер нелер туралы, кімдер туралы айтылады?
5. Ертегілердің қандай түрлері бар?
- 6.Сенің ең алғаш оқыған ертегің?

Енді «Кітапхан» жобасына өздеріңнің дайындап келген өлеңдеріңді айтыңдар.

Қорытынды.

Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіреді екен, ертегі сендерді жамандықтан аулақ жүруге, жақсылық жасауға, адалдыққа үйретеді екен, олар керек кезде бір – біріне көмекке келеді, біріккеннің арқасында , достығының арқасында барлығында жеңіп шығады екен.

Жарайсыңдар балалар! Сендер жарадыңдар, ертегілерді жақсы қорғап шықтыңдар.

Осымен бүгінгі «Ертегілер елінде» атты «Кітапхан» жобасы аясындағы іс – шарамыз өз мересіне жетті. Сау болыңыздар!

№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектебінде 22.05.2025 ж күні өтілген аудандық
семинардың көріністері

